

"Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті" мемлекеттік мекемесінің және оның аумақтық бөлімшелерінің ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің 2018 жылғы 31 қаңтардағы № 63 бұйрығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің м.а. 2019 жылғы 31 қаңтардағы № 58 бұйрығымен

Ескеरту. Күші жойылды – ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің м.а. 31.01.2019 № 58 бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің кейір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 995 қаулысына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті" респубикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитетінің "Ақмола облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" респубикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитетінің "Маңғыстау облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" респубикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитетінің "Ақтөбе облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" респубикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитетінің "Астана қаласы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" респубикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитетінің "Атырау облысы

бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

7) осы бүйрықта 7-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитетінің "Шығыс Қазақстан облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

8) осы бүйрықта 8-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитетінің "Алматы қаласы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

9) осы бүйрықта 9-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитетінің "Жамбыл облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

10) осы бүйрықта 10-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитетінің "Батыс Қазақстан облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

11) осы бүйрықта 11-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитетінің "Қарағанды облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

12) осы бүйрықта 12-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитетінің "Қостанай облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

13) осы бүйрықта 13-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитетінің "Қызылорда облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

14) осы бүйрықта 14-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитетінің "Павлодар облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

15) осы бүйрықта 15-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитетінің "Солтүстік Қазақстан облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

16) осы бұйрыққа 16-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитетінің "Алматы облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі туралы ережесі;

17) осы бұйрыққа 17-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитетінің "Түркістан облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

18) осы бұйрыққа 18-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитетінің "Ақтау және Баутино порттарының теңіз әкімшілігі" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

19) осы бұйрыққа 19-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитетінің "Шымкент қаласы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 15.08.2018 № 575 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті:

1) осы бұйрық бекітілген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның мемлекеттік және орыс тілдеріндегі қағаз тасығыштағы және электрондық нысандағы көшірмелерін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрық бекітілгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық бекітілгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Зан департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

"Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті" респубикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі 1-тарау.

Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті" респубикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Комитет) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) өз құзыretі шегінде реттеуші, іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын, сондай-ақ әуе және құбыржол көлігін қоспағанда, көлік саласында Министрліктің стратегиялық функцияларын орындауға қатысатын ведомствосы болып табылады.

Комитеттің осы ережеге 1-қосымшага сәйкес аумақтық органдары мен үйымдары бар.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің 15.08.2018 № 575 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бүйрүғымен.

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеменің үйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Комитет азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Комитет өз құзыretіндегі мәселелер бойынша төрағаның бүйрүқтарымен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

6. Комитеттің құрылымын және штат санын Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің (бұдан әрі - Министр) келісімі бойынша Министрліктің жауапты хатшысы бекітеді.

7. Комитеттің толық атауы:

мемлекеттік тілде - "Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті" респубикалық мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде - республиканская государственная учреждение "Комитет транспорта Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан"

8. Комитеттің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, "Транспорт Тауэр" ғимараты.

9. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

10. Комитеттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

11. Комитет кәсіпкерлік субъектілерімен Комитеттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау мәніне шарттық қатынастарға түсپейді.

Егер Комитетке кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыруға құқық берілген болса, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2-тарау. Комитеттің негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттемелері

12. Міндеті:

әуе және құбыржол көлігін қоспағанда, көлік саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға қатысу және оны кейіннен іске асыру.

Функциялары:

1) өз құзыреті шегінде мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету;

2) өз құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, әзірлеуге қатысу, келісу және бекіту;

3) ішкі су жолдарының кеме қатынай алатын жағдайда болуын қамтамасыз ету және шлюздерді күтіп ұстau;

4) техникалық регламенттерді және стандарттарды әзірлеу мен келісу;

5) электрондық (цифрлық) тахографтарға электрондық карточкаларды дайындау және беру жөніндегі қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы хабарлама берген жеке және занды тұлғалардың тізілімін жүргізу;

6) электрондық (цифрлық) тахографтар жөніндегі ұлттық дерекқорды жүргізу;

;

7) Мемлекеттік жылжымалы құрам тізілімін жүргізу;

8) рұқсаттық бақылауды жүзеге асыру;

9) Қазақстан Республикасында тіркелген, тез бүлінетін жүктерді тасымалдауға арналған көлік құралдарына автомобиль көлігімен жүк тасымалдау тәртібінде белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы куәлік беру;

10) теміржолдар мен теміржол станцияларын дамытудың жобалау-техникалық құжаттамасына және бас схемаларына сәйкес жер участкелерін беру нормативтерін келісу;

11) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру параптарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын әзірлеу және ішінara тексеру тізімдерін қалыптастыру;

12) Қазақстан Республикасының сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы халықаралық шарттары негізінде кемелерді техникалық куәландыру мен сиынптауды жүзеге асыратын сиынптау қоғамын тану туралы шешім қабылдау;

13) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары негізінде шетелдік сиынптау қоғамын тану туралы шешім қабылдау;

14) порт құралдарын құзетуге бағалау жүргізу және порт құралдарын құзету жоспарын әзірлеу үшін уәкілетті ұйымды айқындау;

15) порт құралдарын құзетуді бағалау туралы есеп пен порт құралдарын құзету жоспарын және оларға түзетулерді мақұлдау;

16) кемелерді куәландыру бойынша өкілеттікті және шетелдік сиынптау қоғамдарының оларды ұсыну шарттарын айқындау жөнінде шетелдік сиынптау қоғамымен келісімдер жасасу.

13. Міндеті:

республика экономикасының және халықтың тасымалдарға, жұмыстардың орындалуына және қызмет көрсетулерге қажеттілігін қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау, сондай-ақ әуе және құбыржолды қоспағанда, тасымалдауды және көлік инфрақұрылымын одан әрі дамыту.

Функциялары:

1) теңіз жолдарының навигациялық жағдайының құралдары қолданылатын аймақтағы құрылышты келісу;

2) Қазақстан Республикасының шекаралық аймақ участеклерін қоспағанда, кемелердің ішкі су жолдарымен жүзу жағдайларын навигациялық-гидрографиялық қамтамасыз етуді жүзеге асыру;

3) тиісті облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының келісімі бойынша жолаушылар мен багажды облысаралық қалааралық тұрақты автомобиль тасымалдау маршруттары мен қозғалыс кестелерін бекіту;

4) жолаушылар мен багаждың тұрақты халықаралық автомобиль тасымалдарын ұйымдастыруды, көрсетілген тасымалдардың бағыттар бойынша қозғалу кестесін келісуді жүзеге асыру;

5) жолаушылар мен багаждың тұрақты халықаралық және қалааралық, облысаралық автомобиль тасымалдары бағыттарының тізілімдерін жүргізуі жүзеге асыру;

6) транзиттік әлеуетті пайдалану туралы ақпаратты жинақтауды, автокөлік құралдары қозғалысының қарқындылығын есепке алуды жүзеге асыру,

жинақталған ақпаратты белгіленген нысандағы есеп беру құжаты түрінде беруді ұйымдастыру және жүзеге асыру;

7) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жоспарлау және өткізу бойынша ведомствоның бағынысты ұйымдардың қызметіне басшылық етуді жүзеге асыру;

8) ұлттық қауіпсіздік саласындағы заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің сақталуын қамтамасыз етеді.

14. Міндеті:

занды және жеке тұлғалардың құқықтары мен занды мұдделерін, сондай-ақ мемлекеттің ұлттық мұдделерін қорғау, сондай-ақ бәсекелестікті дамыту үшін жағдай жасау, оның ішінде халықаралық тасымалдау саласында.

Функциялары:

шетел мемлекеттерінің құзыретті органдарымен рұқсат беру құжаттарының бланкілерімен тепе-тең алмасуды жүргізу;

Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес шетел мемлекеттің аумағы бойынша Қазақстан Республикасы тасымалдаушыларының жүріп өтуіне рұқсат беру;

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша отандық және шетелдік ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты көлік құралдарының жүріп өтуіне арнағы рұқсаттар беру;

өз құзыреті шегінде халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;

мемлекеттік қызмет көрсету кезінде тұтынушылар құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету;

шетелдік автокөлік құралдарының уақытша кіруін тіркеу;

7) қоғамдық бірлестіктермен және автомобиль көлігі саласындағы қауымдастықтар (одактар) нысанындағы занды тұлғалар бірлестіктерімен мемлекеттің өзара іс-қимыл жасасуды қамтамасыз ету;

8) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын беру және кемені шет мемлекеттің туын көтеріп жүзуге уақытша ауыстыру туралы шешім қабылдау;

9) шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемелердің каботажды және сауда мақсатында теңізде жүзумен байланысты өзге де қызметті жүзеге асыруына рұқсаттар беру;

10) жүктөрді автомобильмен халықаралық тасымалдауға рұқсат беру туралы күәлік және автокөлік құралдарына рұқсат карточкаларын беру;

11) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес шет мемлекеттің тасымалдаушыларына Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүріп өтуге рұқсат беру;

12) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша қауіпті жүкті тасымалдауға арнайы рұқсат беру.

15. Міндеті:

әуе және құбыржолды қоспағанда, көліктің барлық түрлерінде қауіпсіз пайдаланудың қамтамасыз етілуіне және қызметіне бақылау жүргізу.

1) сервис орталықтарын (шеберханаларды) бақылауды жүзеге асыру;

2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен автомобиль көліктерінде және автожолдарда қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша іс-қимылды жүзеге асыру;

3) магистральдық, станциялық және кірме жолдардағы қозғалыс қауіпсіздігі талаптарының сақталуын тексеруді жүзеге асыру;

4) кеме қатынасы және теңізде жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз етуді бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

5) қозғалыс қауіпсіздігінің және қоршаған ортаны қорғаудың белгіленген талаптарына жай-күйі жауап бермейтін магистральдық теміржол объектілерін,

теміржолдар мен жылжымалы құрамды пайдалануды тоқтата тұру және тоқтатуды жүзеге асыру;

6) қозғалыс қауіпсіздігі талаптарының бұзылуы туралы статистикалық ақпарат қалыптастыру;

7) өз құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша сараптамаларға қатысу үшін тиісті мамандарды тарту;

8) порттың теңіз әкімшілігі арқылы жүзеге асырылатын теңізде жүзу қауіпсіздігін бақылауды жүзеге асыру;

9) кеме қатынасы су жолдарының және навигациялық жабдық құралдарының тиісті күтіп-ұсталуын бақылауды жүзеге асыру;

10) порттық құрылыштардың қауіпсіз пайдаланылуын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

11) теміржол көлігіндегі, оның ішінде магистральдық, станциялық және кірме теміржолдардағы қозғалыс қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуін бақылауды жүзеге асыру;

12) мемлекеттік меншік болып табылатын теміржолдар бойынша теміржол қатынасын тоқтатуды жүзеге асыру;

13) кірме жолды одан әрі пайдалануды тоқтату және кірме жолды пайдалануды қайта бастау туралы шешім қабылдау;

14) ішкі су көлігі саласындағы бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

15) Министрдің міндетін атқарушысының бүйрығымен бекітілген Теміржол көлігіндегі қауіпсіздік қағидаларында белгіленген тәртіппен тасымалдау жөнінде

көрсетілетін қызметтерді пайдаланушылар мен вагондар (контейнерлер) операторларын қоспағанда, тасымалдау процесіне қатысушының қауіпсіздігін басқару жүйесінің аудитін жүргізу;

16) Қазақстан Республикасының аумағында теміржол көлігіндегі ірі аварияларды тергеп-тексеруге қатысу.

16. Міндеті:

әуе және құбыржолды қоспағанда, заңды және жеке тұлғалардың көлік саласындағы қызметіне, сондай-ақ заңнама талаптарын сақтауына бақылау жүргізу.

Функциялары:

1) жеке және заңды тұлғалардың су көлігінің жұмыс істеу, олардың бұзылуын анықтау және жолын кесу жөніндегі шараларды қабылдау тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын сақтауын мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

2) өз құзыреті шегінде мемлекеттік құпияларды қорғау, азаматтық қорғаныс, жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру саласындағы Қазақстан Республикасының заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің сақталуын қамтамасыз ету;

3) техникалық қарап - тексеру операторларының тізілімін жүргізу;

4) кемелерді, оның ішінде шағын көлемді кемелерді, оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру, тиісті кеме құжаттарын беру, Мемлекеттік кеме тізілімін, кеме кітабын және жалға алынған шетелдік кемелердің тізілімін жүргізу;

5) республикашілік қатынаста жолаушылар мен багажды тұрақты емес автомобильмен тасымалдауды жүзеге асыру кезінде тасымалдау шартының болуын тексеру;

6) жылжымалы теміржол құрамының мемлекеттік тіркелуін бақылауды жүзеге асыру;

7) Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңнамасының сақталуына бақылауды жүзеге асыру;

8) Қазақстан Республикасы аумағындағы көліктік бақылау бекеттерінде қалалар немесе өзге де елді мекендер бойынша жалпы ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарында көлік құралдарының жүріп өтуін бақылауды жүзеге асыру;

9) Кемелерде техникалық пайдалану тәртібінің, қызмет жарғысының сақталуын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

10) ішкі су жолдарында кеме қатынасын жүзеге асыратын кеме иелерінің, кеме экипажы мүшелерінің, жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының ішкі су көлігі туралы заңнамасына сәйкес кемелерді пайдалану

қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарын орындауды бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

11) өз құзыреті шегінде тексерулер нәтижелері бойынша актілер жасау және су көлігінің қызмет ету тәртібін айқындастын Қазақстан Республикасының заңнамасын, стандарттары мен нормаларының анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұйғарымдар енгізу;

12) шетелдік тасымалдаушылардың Қазақстан Республикасының аумағы бойынша каботаждық тасымалдауды жүзеге асыруын анықтау және жолын кесу;

13) жеке және заңды тұлғалардың ішкі су жолдарымен жүзу тәртібін сақтауын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

14) тасымалдаушының жолаушылар алдындағы тасымалдаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартын жасауды мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

15) алкогольден, есірткіден және уытқұмарлықтан мас күйдегі шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін басқарудан шеттету және оларды медициналық тексеруге жіберу;

16) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінде белгіленген тәртіппен хаттамалар толтыру, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарau және әкімшілік жаза қолдану

17) уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің пайдаланудағы, қыскы тұрақта тұрған теңіз кемелерін қарап-тексеру жүргізуін бақылауды жүзеге асыру;

18) кеме әкипажын жасақтауға қойылатын талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

19) кемеде кеме құжаттарының бар болуын тексеруді жүзеге асыру;

20) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және жағдайларда теңіз кемелерін және шағын көлемді кемелерді әкімшілік ұстауды, теңіз кемелерінде және шағын көлемді кемелерде жете тексеру жүргізуді жүзеге асыру;

21) автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жүруін, оның ішінде отандық және шетелдік тасымалдаушылардың Қазақстан Республикасының аумағында белгіленген автокөлік құралдарының рұқсат етілген көлемдік және салмақтық өлшемдерін сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

22) өз құзыреті шегінде заңды тұлғаға тиесілі аумақты, үй-жайларды, тауарларды, өзге де мұлікті қарап-тексеруді, сондай-ақ тиісті құжаттарды тексеруді жүргізуді жүзеге асыру;

23) шетелдік автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағына белгіленбеген өткізу пункттері арқылы кіру фактілерін анықтау;

24) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық автомобиль тасымалдарын ұйымдастыру кезінде рұқсат беру жүйесі талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге асыру;

25) тасымалдаушылардың халықаралық қатынаста тез бұлінетін жүктөрді тасымалдауды орындастырын жылжымалы құрамына қойылатын талаптарды орындауды бақылауды жүзеге асыру;

26) тасымалдаушылардың жолаушылар мен жүктөрді, оның ішінде қауіпті жүктөрді тасымалдау тәртібін сақтауына бақылауды жүзеге асыру;

27) өз құзыреті шегінде тексерулер нәтижелері бойынша актілер жасау және көліктің жұмыс істеу тәртібін айқындастын Қазақстан Республикасы заңдары және өзге де нормативтік құқықтық актілер, стандарттар және нормалар талаптарының анықталған бұзушылығын, жою туралы ұйғарымдар енгізу;

28) әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жерді не занды тұлғаға тиесілі аумақты, үй-жайларды, көлік құралдарын, тауарларды, өзге мұлік пен заттарды тексеріп қарауды жүргізу кезінде табылған, әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың құралы немесе тікелей объектісі болған, занды тұлғаға тиесілі құжаттарды, тауарларды, өзге де мұліктер мен заттарды алып қою;

29) су көлігінде тасымалдау және басқа да қызметті жүзеге асыратын жеке және занды тұлғалардың Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауы бөлігінде қызметтін тексеру;

30) авариялық жағдайларды және көлік оқиғаларын, Су көлігін пайдалану қағидаларын бұзушылықтың алдын алу жөніндегі шаралар туралы мемлекеттік органдарға ұсыныстар енгізу;

31) техникалық қарап-тексеру операторларының механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндепті техникалық қарап-тексеруден откізуді жүргізу тәртібін сақтауына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

32) көліктің жұмыс істеу тәртібін айқындастын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, халықаралық шарттарын жеке және занды тұлғалардың сақтауын бақылауды жүзеге асыру және олардың бұзушылықтарын анықтау және жолын кесу;

33) кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ұйымдастыруды, ішкі су көлігінің жұмыс істеу тәртібін айқындастын Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін және өзге де нормативтік құқықтық актілерін жеке және занды тұлғалардың сақтауын бақылауды жүзеге асыру;

34) жолаушылар поездарының Қазақстан Республикасы аумағымен жүру жолында жолаушыларды, багажды және жүк-багажды тасымалдау қағидаларының сақталуына бақылау жүргізу;

35) теміржол көлігінде тасымалдау және басқа да қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың қызметін, оның ішінде бақылау-өлшеу техникалық құралдары мен аспаптарын қолдана отырып, олардың;

теміржол желісінің станциялық және магистральдық жолдар мен теміржолдағы кірме жолдарды күтіп-ұстауды, жылжымалы құрамды күтіп-ұстауды, пайдалануды және жөндеуді;

Жолаушыларды багажды, жүктерді, жүк-багажды тасымалдау, және пошта жөнелтілімдері қағидаларын;

теміржол көлігінде жүру қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған техникалық құралдарды, сондай-ақ жасанды құрылыштарды және теміржол өткелдерін күтіп-ұстауды, пайдалануды және жөндеуді сақтау бөлігінде тексеруді жүзеге асыру;

36) жеке және заңды тұлғалардың қалалық рельсті көліктің жұмыс істеу тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын сақтауын бақылауды, оларды бұзушылықтарды анықтауды және олардың жолын кесу жөнінде шаралар қолдануды жүзеге асыру;

37) қозғалыс қауіпсіздігі және қоршаған органды қорғаудың талаптарына жай-күйі жауап бермейтін қалалық рельсті көлік объектілерін пайдалануды тоқтата түрруды жүзеге асыру.

17. Комитет Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілерінде және Министрдің бұйрықтарында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

18. Комитеттің құқықтары мен міндеттері:

Комитет:

1) өз құзыреті шегінде бұйрықтарды шығарады;

2) Министрліктің құрылымдық бөлімшелерінен және Комитеттің аумақтық органдарынан, мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан, жеке және заңды тұлғалардан қажетті ақпаратты және материалдарды (есептерді, материалдарды) сұратады және алады;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізеді;

4) Комитет құзыретіне кіретін мәселелер сұрақтар бойынша кеңестер, семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер, конкурстар және өзге де іс-шараларды жүргізеді;

5) жетекшілік ететін қызмет бағыттары бойынша консультативтік-кеңестік органдарды (жұмыс топтарын, комиссияларды, кеңестерді) құру бойынша ұсыныстар енгізеді;

6) өз құзыретіне қатысты мәселелер бойынша сараптамаларға қатысу үшін тиісті мамандарды тартады;

7) Комитеттің аумақтық органдарының көлікте өз қызметін жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларға тексеру жүргізуіне қатысады;

8) мемлекеттік органдарға көлік оқиғаларының, көлікті пайдалану мен күтіп ұстау тәртібін бұзушылықтардың алдын алу бойынша ұсыныстар енгізеді;

9) көліктік бақылау бекеттерінде көлік құралдарына көліктік бақылауды жүзеге асыруға қатысады;

10) шарттық міндеттемелердің орындалуын тексереді және көрсетілген қызметтер туралы актілерді қабылдайды;

11) көліктік бақылау бекеттерінде жұмыс істеген кезінде арнайы техникалық байланыс құралдарын, арнайы көлікті пайдаланады, сондай-ақ таяқша мен ысқырғышты және шлагбаумды пайдаланады;

12) Комитеттің аумақтық органдарынан Министрліктің және Комитеттің бұйрықтары уақтылы және нақты орындауын талап етеді;

13) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асырады.

Комитеттің міндеттеріне:

1) Комитетке жүктелген міндеттер мен функциялардың іске асырылуын қамтамасыз ету;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мұдделерін сақтау;

3) Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша түсіндірулерді дайындау;

4) Министрліктің құрылымдық бөлімшелері мен мемлекеттік органдар бұл туралы ресми сұрау салған жағдайда, өз құзыреті шегінде және заңнама шеңберінде қажетті материалдар мен анықтамаларды ұсыну;

5) Комитеттің тенгерімінде тұрған мемлекеттік меншіктің сақталуын қамтамасыз ету;

6) бухгалтерлік есепті жүргізу;

7) бухгалтерлік және қаржылық есептілікті жасау және Министрлікке беру;

8) Комитетке бөлінген бюджет қаражатының толық, уақтылы және тиімді пайдаланулының қамтамасыз ету;

9) "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүргізу кіреді.

3-тарау. Комитеттің қызметін үйімдастыру

19. Комитет және оның аумақтық органдары көліктік бақылау органдарының бірынғай жүйесін құрайды.

20. Комитетті Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі лауазымға тағайындастын және қызметтен босататын төраға басқарады.

21. Төрағаның Министрліктің жауапты хатшысымен лауазымға тағайындастын және қызметтен босататын орынбасарлары болады.

22. Комитеттің қызметкерлері қызметтік бір үлгідегі киімді киоі, нөмірлі төс белгілерінің және қызметтік күйлерінің мүмкін болуы.

23. Комитет төрағасы Министрліктің басшылығына Комитеттің құрылымы және штаттық кестесі бойынша ұсыныстар береді.

24. Комитет төрағасы Комитеттің қызметіне жалпы басшылықты және Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуы мен өз функцияларының жүзеге асырылуы үшін дербес жауаптылықта болады.

25. Төраға осы мақсаттарда:

1) өз орынбасарларының, Комитеттің аумақтық органдары қызметкерлері мен басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін белглейді;

2) Комитеттің қызметкерлерін лауазымға тағайындауды және лауазымнан босатады;

3) Комитеттің қызметкерлерін іссапарға жіберу, демалыстар беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (кайта даярлау), біліктілігін арттыру, көтермелебеу, ұстемақы төлеу және сыйлықақы беру, сондай-ақ тәртіптік жауаптылық мәселелерін шешеді;

4) Комитеттің мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдарда мұддесін білдіреді;

5) Комитеттің құрылымдық бөлімшелері туралы ережесін бекітеді;

6) Комитет жауапты болып табылатын республикалық бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуына дербес жауапты болады;

7) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің жауапты хатшысына өз орынбасарларын, Комитеттің аумақтық органдарының басшыларын лауазымға тағайындауды және лауазымнан босатуды, көтермелебеуді, материалдық көмек көрсетуді және жазаға қолдануды ұсынады;

8) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің жауапты хатшысына Комитеттің және оның аумақтық органдарының құрылымы мен штат саны жөнінде ұсыныстар береді;

9) сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шараларды қабылдайды және сыйайлас жемқорлыққа қарсы қабылданған шаралар үшін дербес жауаптылықта болады;

10) өзінің құзыретіне жататын басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

Комитет төрағасы болмаған кезеңде оның өкілеттіліктерін атқаруды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

4-тарау. Комитеттің мұлкі

26. Комитеттің жедел басқару құқығында оқшауланған мұлкі болады.

Комитеттің мұлкі оған мемлекет берген мұлік, сондай-ақ құны Комитеттің тенгерімінде көрсетілетін өзге де мұліктер есебінен қалыптастырылады.

27. Комитетке бекітілген мұлік республикалық меншікке жатады.

28. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, Комитеттің өзіне бекітілген мұлікті дербес иеліктен шығара алмайды немесе оған өзге де тәсілмен билік ете алмайды.

5-тарау. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату

29. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

"Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы аумақтық органдардың тізбесі

Ескерту. Тізбе жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің 15.08.2018 № 575 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитеті "Ақмола облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

2) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитеті "Маңғыстау облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

3) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитеті "Ақтөбе облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

4) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитеті "Астана қаласы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

5) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитеті "Атырау облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

6) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитеті "Шығыс Қазақстан облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

7) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитеті "Алматы қаласы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

8) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитеті "Жамбыл облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

9) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитеті "Батыс Қазақстан облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

10) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитеті "Қарағанды облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

11) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитеті "Қостанай облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

12) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитеті "Қызылорда облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

13) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитеті "Павлодар облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

14) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитеті "Солтүстік Қазақстан облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

15) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитеті "Алматы облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

16) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитеті "Түркістан облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

17) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитетінің "Ақтау және Баутино порттарының теңіз әкімшілігі" республикалық мемлекеттік мекемесі;

18) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитеті "Шымкент қаласы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" респубикалық мемлекеттік мекемесі.

"Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті" респубикалық мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі

1) Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитетінің "Қазақстан су жолдары" респубикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

2) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитетінің "Балқаш су жолдары кәсіпорны" респубикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

3) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитетінің "Қазақстанның кеме қатынасының тіркелімі" респубикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрлік
2018 жылғы 31 қантардағы
№ 63 бүйрүгіне 2-қосымша

"Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитетінің "Ақмола облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" респубикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі 1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитетінің Ақмола облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Инспекция) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитетінің (бұдан әрі - Комитет) аумақтық органы болып табылады және әуе және құбыржол көлігін қоспағанда, көлік саласындағы бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асырады.

2. Инспекция Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің және Комитеттің бүйрүқтарына, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес қызметін жүзеге асырады.

3. Инспекция мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлғасы болып табылады, оқшауланған мүлкі, өз атауы мемлекеттік тілде

жазылған мөрі, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің органдарында шоттары болады.

4. Инспекция азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

Инспекцияның, егер оған заңнамаға сәйкес уәкілеттік берілген болса, Комитеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы болады.

5. Инспекцияның құрылымын және штат санын Министрдің келісімі бойынша Министрліктің жауапты хатшысы бекітеді.

6. Инспекцияның толық атауы:

мемлекеттік тілде – "Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитетінің Ақмола облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде - республикансое государственное учреждение "Инспекция транспортного контроля по Акмолинской области" Комитета транспорта Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан".

7. Инспекцияның орналасқан жері:

Қазақстан Республикасы, 030019, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 87.

8. Инспекцияның құрылтайшысы Қазақстан Республикасы Үкіметі атынан мемлекет болып табылады.

9. Осы Ереже Инспекцияның құрылтай құжаты болып табылады.

10. Инспекцияның қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

11. Инспекцияға кәсіпкерлік субъектілерімен Инспекцияның функциялары болып табылатын міндеттерді орындау мәніне шарттық қатынастарға түспейді.

Егер Инспекцияға кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыруға заңнамалық актілермен құқық берілген болса, онда осындай қызметтен түскен кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2-тарау. Негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары және міндеттемелері

12. Инспекцияның міндеттері:

1) әуе және құбыржол көлігін қоспағанда, көлік саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу;

2) өз құзыреті шегінде көліктің және оның өмірлік циклі процестерінің адамның өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

3) реттелетін салаларда мемлекеттік бақылау мен қадағалауды қамтамасыз ету.

13. Инспекция Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) өз күзыреті шегінде мемлекеттік құпияларды қорғау, азаматтық қорғаныс, жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру саласындағы Қазақстан Республикасының заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің сақталуын қамтамасыз ету;

2) транзиттік әлеуетті пайдалану туралы ақпаратты жинау, автокөлік құралдарының қозғалыс қарқындылығын есепке алу, белгіленген нысандағы есеп беру құжаттары түрінде жинақталған ақпаратты беруді ұйымдастыру мен жүзеге асыру;

3) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес шетел мемлекетінің аумағы бойынша Қазақстан Республикасы тасымалдаушыларының жүріп өтуіне рұқсат беру;

4) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша отандық және шетелдік ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты көлік құралдарының жүріп өтуіне арнайы рұқсаттар беру;

5) шетелдік автокөлік құралдарының уақытша кіруін тіркеу;

6) республикашілік қатынаста жолаушылар мен бағажды тұрақты емес автомобильмен тасымалдауды жүзеге асыру кезінде тасымалдау шартының болуын тексеру;

7) жүктөрді автомобильмен халықаралық тасымалдауға рұқсат беру туралы куәлік және автокөлік құралдарына рұқсат карточкаларын беру;

8) көлік құралын халықаралық қатынаста қауіпті жүктөрді тасымалдауға жіберу туралы куәлік беру;

9) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес шет мемлекеттің тасымалдаушыларына Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүріп өтуге рұқсат беру;

10) Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңнамасының сақталуына бақылауды жүзеге асыру;

11) Қазақстан Республикасы аумағы бойынша қалалардың шекараларындағы немесе өзге де елді мекендердегі жалпы пайдаланудағы автокөлік жолдарындағы көлік бақылау орындарында автомобиль құралдарының жүрістеріне бақылау жүргізу;

12) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша шетелдік тасымалдаушылардың каботаждық тасымалдауын анықтау және жолын кесуді жүзеге асыру;

13) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық автомобиль

тасымалдарын ұйымдастыру кезінде рұқсат беру жүйесі талаптарының орындалуына бақылауды жүзеге асыру;

14) автокөлік құралдарының жүруін, оның ішінде отандық және шетелдік тасымалдаушылардың Қазақстан Республикасының аумағында белгіленген автокөлік құралдарының рұқсат етілген габариттік және салмақтық өлшемдердің сақталуына бақылауды жүзеге асыру;

15) тахографтарға қызмет көрсету және орнату бойынша қызметті жүзеге асыратын сервистік орталықтарға бақылауды жүзеге асыру;

16) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен автожолдарда және автокөліктерде қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі бойынша іс-қимылдарды жүзеге асыру;

17) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша қауіпті жүкті тасымалдауға арнайы рұқсат беру;

18) тасымалдаушылардың халықаралық қатынаста тез бүлінетін жүктерді тасымалдауды орындайтын жылжымалы құрамына қойылатын талаптарды орындауды бақылауды жүзеге асыру;

19) жолаушылар мен жүктерді, оның ішінде қауіпті жүктерді тасымалдау қағидаларының сақталуына бақылауды жүзеге асыру;

20) теміржол көлігіндегі, оның ішінде магистральдық, станциялық және кірме теміржолдардағы қозғалыс қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуін бақылауды және тексеруді жүзеге асыру;

21) теміржол көлігінде тасымалдау және басқа да қызметті жүзеге асыратын жеке және занды тұлғалардың қызметін, оның ішінде бақылау-өлшеу техникалық құралдары мен аспаптарын қолдана отырып тексеруді жүзеге асыру, соның ішінде олармен сақтау:

теміржол желісінің станциялық және магистральдық жолдар мен теміржолдағы кірме жолдарды күтіп-ұстауды, жылжымалы құрамды күтіп-ұстауды, пайдалануды және жөндеуді;

Жолаушыларды тасымалдау, бағажды, жүктерді, жүк-бағажды және поштамен жөнелту қағидаларын;

теміржол көлігінде жүру қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған техникалық құралдарды, сондай-ақ жасанды құрылыштарды және теміржол етпелерін күтіп-ұстауды, пайдалануды және жөндеуді сақтау бөлігінде тексеруді жүзеге асыру;

22) жылжымалы құрам мен жылжымалы құрамның кепілін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру;

23) жылжымалы теміржол құрамының мемлекеттік тіркелуін бақылауды жүзеге асыру;

24) Министрдің міндетін атқарушысының бұйрығымен бекітілген Теміржол көлігіндегі қауіпсіздік қағидаларында белгіленген тәртіппен тасымалдау жөнінде көрсетілетін қызметтерді пайдаланушылар мен вагондар (контейнерлер) операторларын қоспағанда, тасымалдау процесіне қатысушының қауіпсіздігін басқару жүйесінің аудитін жүргізу;

25) Қазақстан Республикасының аумағында теміржол көлігіндегі апаттарды, аварияларды тергеуге қатысу;

26) жолаушылар поездарының Қазақстан Республикасы аумағымен жүру жолында жолаушыларды, багажды және жүк-багажды тасымалдау қағидаларының сақталуына бақылау жүргізу;

27) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес лицензиялануға жататын қызметтің немесе іс-қимылдың жекелеген түрлерін лицензиялауды жүзеге асыру;

28) қозғалыс қауіпсіздігі талаптарының бұзылуы туралы статистикалық акпарат қалыптастыру;

29) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінде белгіленген тәртіппен хаттамалар толтыру, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарau және әкімшілік жаза қолдану;

30) өз құзыреті шегінде тексеру нәтижелері бойынша актілер жасау және көліктің жұмыс істеу тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасы заңдарының және өзге де нормативтік құқықтық актілерін, стандарттар мен нормалардың талаптарын анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалар енгізу;

31) қозғалыс қауіпсіздігінің және қоршаған ортаны қорғаудың белгіленген талаптарына жай-күйі жауап бермейтін магистральдық теміржол желісі объектілерін, теміржолдар мен жылжымалы құрамды пайдалануды тоқтата түруды және тоқтатуды жүзеге асыру;

32) қозғалыс қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғаудың талаптарына жай-күйі жауап бермейтін қалалық рельсті көлік объектілерін пайдалануды тоқтата түруды жүзеге асыру;

33) әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жерде не заңды тұлғаға тиесілі аумақты, үй-жайларды, көлік құралдарын, тауарларды, өзге мұлік пен заттарды тексеріп қарауды жүргізу кезінде табылған, әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың құралы немесе тікелей объектісі болған, заңды тұлғаға тиесілі құжаттарды, тауарларды, өзге де мұліктер мен заттарды алып қою;

34) кеме кітабында мемлекеттік тіркелуге жататын кемелерге техникалық қадағалауды жүзеге асыру;

35) су көлігінде тасымалдау және басқа да қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауы бөлігінде олардың қызметтің тексеру;

36) ішкі су көлігі саласында тасымалдаушының жолаушылар алдындағы тасымалдаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасауды мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

37) өз құзыреті шегінде заңды тұлғаға тиесілі аумақты, үй-жайларды, тауарларды, өзге де мұлікті қарап-тексеру, сондай-ақ тиісті құжаттарды тексеруді жүргізу;

38) жеке және заңды тұлғалардың көліктің жұмыс істеуі тәртібін айқындастырын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының талаптарын сақтауына мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру, олардың бұзылуын анықтау және жолын кесу жөнінде шаралар қабылдау;

39) өз құзыреті шегінде тексерулер нәтижелері бойынша актілер жасау және су көлігінің жұмыс істеуі тәртібін айқындастырын Қазақстан Республикасының заңнамасын, стандарттары мен нормаларының анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалар енгізу;

40) кемелерді, оның ішінде шағын көлемді кемелерді, оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру, тиісті кеме құжаттарын беру, Мемлекеттік кеме тізілімін, кеме кітабын және жалға алынған шетелдік кемелердің тізілімін жүргізу;

41) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеуге жататын тиіс кемелердің командалық құрамының адамдарына диплом беру және оларды аттестаттау;

42) кемелерді, салдарды және ішкі су жолдарында орналасқан өзге де жүзу объектілері мен құрылыштарын, олардың пайдаланылуын қауіпсіз қамтамасыз ету талаптарына сай болуын қарап-тексеруді жүргізу;

43) алкогольдік, есірткілік және уытты мас қүйінде болған шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін басқарудан шеттету және оларды медициналық куәландыруға жіберу;

44) шағын көлемді кемелерді техникалық қадағалауды жүргізуі жүзеге асыру;

45) жеке және заңды тұлғалардың ішкі су жолдарымен жүзу қағидаларын сақтауын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

46) кемені пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарына сәйкес келмейтін кемелерді (оның ішінде шағын көлемді), салдар мен өзге де жүзу объектілерін ұстау;

47) кемені пайдалану қауіпсіздігіне, адамдардың өмірі мен денсаулығына, жүктердің сақталуына қатер тәнген кезде кемелердің (оның ішінде шағын көлемді), салдардың және өзге де жұзу объектілерінің қозғалысын тоқтата туру және тыйым салу;

48) Министрдің бұйрығымен бекітілген Ішкі су жолдарында кемелермен, оның ішінде шағын көлемді кемелермен болған көлік оқиғаларын тергеп-тексеруді, оларды сыныптауды және есепке алуды жүргізу қағидаларына сәйкес кемелермен, оның ішінде шағын көлемді кемелермен болған көлік оқиғаларын тергеп-тексеру, сыныптау және есепке алу;

49) ішкі су көлігі саласындағы бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

50) техникалық қарап-тексеру операторларының тізілімін жүргізу;

51) техникалық қарап-тексеру операторларының механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндettі техникалық қарап-тексеруден өткізуді ұйымдастыру және жүргізу тәртібін сақтауына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

52) Мемлекеттік жылжымалы құрам тізілімін жүргізу;

53) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілерінде және Министрдің бұйрықтарында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

14. Инспекцияның құқықтары мен міндettемелері:

Инспекция:

1) мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан қажетті ақпаратты және материалдарды сұратады және алады;

2) әуе және құбыржол көлігін қоспағанда, көліктегі тасымалдау және басқа да қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың қызметін тексереді;

3) өз құзыреті шегінде әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы мәселелерді қарайды;

4) хаттамалар толтырады, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнамасына сәйкес іс жүргізуді жүзеге асырады;

5) жеке тұлғаны әкімшілік ұстауды, көлік құралын ұстауды, тұлғаның жеке басын және жеке тұлғамен бірге болатын заттарын қарап-тексеруді жүргізеді, көлік құралдарын қарап-тексеруді жүзеге асырады;

6) өз құзыреті шегінде заңды тұлғаға тиесілі аумақтарға, үй-жайларға, тауарларға, өзге де мұлікке, сондай-ақ тиісті құжаттарға тексеру жүргізеді;

7) әуе және құбыржол көлігін қоспағанда, көліктік оқиғалардың, көлікті пайдалану ережесін бұзудың алдын алу жөніндегі шаралар туралы мемлекеттік органдарға ұсыныстар енгізеді;

8) көліктік бақылау посттарында, жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарында, қалалар және өзге де елді мекендер шегінде автокөлік құралдарын тоқтатады;

